

# Мұратбаев NEWS



31.03.2026|Сейсенбі

1

## Әз Наурыз құтты болсын!

Гимназиямызда ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы кеңінен аталып өтті. Бұл күні оқушылар мен ұстаздар бір шаңырақ астында жиналып, ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеп, қазақ халқының бай мәдениетін насихаттады.



2

## Көшбасшылық – табысқа бастар жол

Жасөспірімдердің көшбасшылық қабілеттерін дамыту – маңызды бағыттардың бірі. Осы мақсатта өткен өзін-өзі басқару форумында оқушылардан сұхбат алынып, олардың ой-пікірлері тыңдалды. Қатысушылар көшбасшылық, жауапкершілік және белсенділік туралы өз көзқарастарымен бөлісті.

3

## ТАБИҒАТТЫ АЯЛАУ – БАРШАМЫЗҒА ПАРЫЗ!

17 наурыз күні жасыл екпелерді отырғызу бойынша “Болашақты бірге отырғызамыз” 5-11 сынып оқушылары арасында ағаш отырғызу акциясы өтеді. Шара барысында мектеп ауласын көгалдандыру жұмыстары жүргізіледі.

Мақсатымыз – экологиялық мәдениетті қалыптастырып, табиғатты қорғауға үлес қосу. Баршаңызды акцияға белсенді қатысып, өз үлесіңізді қосуға шақырамыз!

# “Ерікті жүрек – таза табиғат”

2026 жылдың 02 наурыз күні 8 «В» және 10 «Б» сынып оқушылары «Ерікті жүрек – таза табиғат» ұранымен игі іс ұйымдастырды. Оқушылар көше тазалығына үлес қосып жүрген көше сыпырушыларға көмек көрсетіп, аумақты тазалау жұмыстарына белсенді қатысты.

Бұл шараның мақсаты – қоршаған ортаны таза ұстауға үндеу, еңбек адамдарына құрмет көрсету және оқушылардың бойында жауапкершілік пен жанашырлық қасиеттерін қалыптастыру.

Жас еріктілер табиғатты қорғау – әр адамның міндеті екенін өз істерімен дәлелдеді. Осындай игі бастамалар алдағы уақытта да жалғасын табады деп сенеміз.



# Қайырымдылық – адамгершіліктің белгісі



04.02.2026 ж. күні 5 «Б» сынып оқушыларымен қайырымдылық шарасы ұйымдастырылды. Оқушылар мейірімділік танытып, қайырымдылық жасап, жақсы іс атқарды.

Осындай игі іске атсалысқан 5 «Б» сынып оқушыларына, сынып жетекшісіне және қолдау көрсеткен ата-аналарға шын жүректен алғыс айтамыз.

Жас ұрпақтың бойындағы мейірімділік, жанашырлық пен қамқорлық қасиеттері әрдайым арта берсін.

## “Gm arnasy” жобасы аясында

“Gm arnasy” жобасы аясында «Көшбасшылық – табысқа бастар жол» тақырыбында өткен өзін-өзі басқару форумында қатысушылардан арнайы интервью алынды.

Форум барысында оқушылар көшбасшылық қасиеттер, жауапкершілік, белсенділік және табысқа жетудің жолдары туралы өз ойларымен бөлісті. Шараның басты мақсаты – жас көшбасшылардың пікірін тыңдап, олардың белсенділігін арттыру және өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын дамыту.

Мұндай кездесулер оқушылардың өз ойын еркін жеткізуіне, жаңа идеялар ұсынуына және көшбасшылық қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік береді.



# Химияны оқытудағы инновация: интерактивті тапсырмалар мен ЖИ мүмкіндіктері

Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясында 2026 жылдың 11 наурыз күні аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Химия пәнінен білім сапасын арттыруда интерактивті тапсырмаларды әзірлеудің маңызы» тақырыбында оқыту семинары өтті. Гимназияның химия пәні мұғалімдері «Цифрландыру және ЖИ пайдалану мәнмәтінінде химия пәнінен интерактивті тапсырмаларды құрастыру», «Химия пәнін оқытуда интерактивті оқу тапсырмаларының оқушылар мотивациясына әсері», «Химияны ертегімен кіріктіре оқытудың интерактивті моделі» тақырыбында өздерінің тәжірибелерімен бөлісті.



## «Балалар кітапханасы» жобасы аясында

11 наурыз күні гимназиямызда ағылшын тілі пәні мұғалімдері Джаманкулова М.А және Ничаева С.К ұйымдастыруымен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған ерекше іс-шара өтті.

Іс-шара барысында 5 «Б» сынып оқушылары ағылшын тілінде “Tasty Bun” ертегісі бойынша қызықты қойылым көрсетті. Ал 6 «Г» сынып оқушылары әлемге әйгілі “Snow White and the Seven Dwarfs” ертегісін сахналады.

Оқушылар ертегі кейіпкерлерінің бейнесін шебер сомдап, ағылшын тілінде еркін сөйлеу дағдыларын көрсетті. Қойылым барысында олардың актерлік қабілеттері, шығармашылық белсенділігі мен тілдік дағдылары айқын көрінді.

Осындай шаралар оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттырып қана қоймай, шетел тілін үйренуге деген ынтасын күшейтеді.

Шара жоғары деңгейде өтіп, көрермендерге ерекше әсер сыйлады.



## «Туған жер – алтын бесігім» экологиялық акциясы

«Туған жер – алтын бесігім» экологиялық акциясы аясында гимназия оқушылары табиғатты аялау және қоршаған ортаны қорғау мақсатында игі іс-шара өткізді. Акция барысында оқушылар гимназия ғимаратындағы гүлдерге су құйып, оларды күтіп-баптауға атсалысты.

Бұл шара оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, қоршаған ортаны қорғауға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді. Сонымен қатар, оқушыларға экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және туған жерге деген қамқорлық сезімін нығайтуға мүмкіндік берді. Табиғатты қорғау – әрқайсымыздың ортақ міндетіміз!



## “Әз Наурыз – жаңару мен берекенің бастауы”

Гимназиямызда ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы кеңінен аталып өтті. Бұл күні оқушылар мен ұстаздар бір шаңырақ астында жиналып, ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеп, қазақ халқының бай мәдениетін насихаттады.

Мерекелік шара барысында оқушылар ән шырқап, би билеп, ұлттық ойындар ұйымдастырылды. Әсіресе, қазақтың салт-дәстүрлерінен көріністер қойылып, көрермендерге ерекше әсер сыйлады. Ақ дастархан жайылып, наурыз көже ұсынылып, барша қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Бұл мереке – тек көктемнің келуі ғана емес, ол – бірлік пен татулықтың, ізгілік пен жаңарудың символы. Осындай игі шаралар жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттырары сөзсіз.

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Әр шаңыраққа бақ-береке, ырыс-несібе тілейміз!



# ТАБИҒАТТЫ АЯЛАУ — БАРШАМЫЗҒА ПАРЫЗ!

Көктемнің шуақты күндерімен бірге Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясында игі істер бастау алды!

17 наурыз күні жасыл екпелерді отырғызу бойынша “Болашақты бірге отырғызамыз” 5-11 сынып оқушылары арасында ағаш отырғызу акциясы өтті.

Мектеп ауласына жасыл желектер отырғызылды.

Мақсатымыз: Өскелең ұрпақтың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғауға және табиғатты сүйуге баулу.

Әрбір егілген тал — болашақ ұрпаққа қалдырылған жасыл мұра!



# "Жасыл мекен — жасыл әлем!"



17 наурыз күні Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы ерекше игі шара өтті! "Жасыл клуб" жобасы аясында 8-10 сынып оқушылары арасында "Жасыл мекен" ағаш отырғызу және көгалдандыру акциясына 40 оқушы ұйымдастыруға қамтылды.

Акцияның басты мақсаты:

Оқушылардың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру;  
Қоршаған ортаны аялауға және табиғатты қорғауға баулу.  
Табиғатты аялау — әрбір өскелең ұрпақтың парызы. Бүгін егілген әрбір көшет — ертеңгі жайқалған жасыл желек!

## «Ардагерлер өнегесі – жас ұрпаққа үлгі»



Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі қарсаңында гимназиямызда игі іс жалғасын тауып, ардагер ұстаздарымыздың қатысуымен тағылымы мол, өнегелі шара өтті. Көп жылдық еңбегімен шәкірт тәрбиелеп, білім мен тәрбие жолында аянбай тер төккен ардақты ұстаздарымыз табиғатты аялау, қоршаған ортаны көркейту мақсатында көк желектер отырғызу акциясына белсене қатысты.

Атап айтқанда, гимназиямыздың құрметті ардагер ұстаздары:

Борибаев Ахмет Рамазанович,

Курбанов Мурат Сапарбаевич,

Курманбаева Нұржамал Ережепбаевна, Сейітханова Салима Дихановна,

Диханбаева Жанар Шабденбековна,

Айдаркулова Жамиля Кадыровна,

Байманова Атыргүл Ахметовна,

Абдиходжаева Қуаныш Усеновна,

Искаков Хасен Тлеуханұлы,

Шайдильдаева Айнұр Орынбасаровна, Хожахметова Маржан Баймұратовна,

Салимова Азиза Азизовна,

Сабырбаева Аманкүл Союнбаевна,

Мукамбетова Жамиля Жалғасовна – игі бастамаға өз үлестерін қосты. Бұл шара – табиғатқа деген қамқорлықтың, ұрпаққа үлгі боларлық ізгіліктің жарқын көрінісі. Егілген әрбір тал – болашаққа деген сенім мен жаңарудың белгісі. Тамыры тереңге жайылған ағаштай, елдің де болашағы берік болсын!



## «Жер сағаты» акциясы

Акцияның басты мақсаты – білім алушылардың табиғатты қорғауға деген жауапкершілігін арттыру, экологиялық мәдениетін қалыптастыру және қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.

Осы бағытта 1–11 сынып оқушылары арасында табиғатты қорғау және экологиялық тәрбие негіздерін насихаттайтын бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарында оқушыларға энергияны үнемдеу, табиғи ресурстарды қорғау, қоршаған ортаны ластамау мәселелері кеңінен түсіндірілді.

Сонымен қатар, экологиялық білімдерін тереңдету мақсатында жасыл клуб жетекшілерінің ұйымдастыруымен 8–10 сынып оқушылары арасында мазмұнды іс-шара өтті. Іс-шара барысында оқушылар экологиялық тақырыпта пікір алмасып, шығармашылық жұмыстар ұсынып, табиғатты аялау жөнінде өз ойларын ортаға салды.

Мұндай тәрбиелік маңызы зор шаралар жас ұрпақтың экологиялық санасын қалыптастырып, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыруға ықпал етеді.



## «Озық педагогикалық идеялар шеруі»

2026 жылғы 27 наурызда Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясында «Озық педагогикалық идеялар шеруі» атты мектепшілік байқау өтті. Байқаудың мақсаты – білім сапасын арттыруға бағытталған тиімді педагогикалық идеяларды анықтап, тәжірибеге енгізу.

6 пән бірлестігінен құралған командалар өз идеяларын ұсынып, жүлделі орындарға таласты. Байқауға аудандық білім саласының өкілдері төрешілік етті.

Қорытынды бойынша:

I орын – «Тіл – дарын» (қазақ тілі мен әдебиеті) – 20 000 тг

II орын – «SciVision» (жаратылыстану) – 15 000 тг

III орын – «Ұлы дала ұрпақтары» (тарих) – 10 000 тг

Қалған командалар 5000 теңгелік ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды.

Әріптестерімізге шығармашылық табыс тілейміз!



## «Оқуға құштар мектеп» рубрикасы

Ертеде бір ауылда кішкентай Бердібек деген бала өмір сүріпті. Оның балалық шағы қиындықпен өтіпті. Әкеден ерте айырылып, анасына көмектесіп, жоқшылықтың тауқыметін тартып өседі екен. Соған қарамастан, ол өте алғыр, еңбекқор әрі шыншыл бала болыпты.

Бір күні ол мектепке барып, білім алуға қатты қызығады. Бірақ киімі жұпыны, тамағы да кейде жетіспей, сабаққа бару оған оңай болмайды. Сонда да ол оқуды тастамай, әріпті танып, жазуды үйреніп, білімге ұмтылады.

Мектепте ол түрлі балалармен дос болады. Кейде тентектік жасап, мұғалімнен ескерту де алады. Бірақ жүрегі таза, адал болғандықтан, жасаған қателігін түсініп, түзелуге тырысады. Ауылдағы өмір де оңай болмайды: мал бағу, үй шаруасына көмектесу, қиын күндерді бастан өткеру – бәрі оның мінезін шыңдай түседі. Ол шыдамды, қайсар болып өседі.

Уақыт өте келе, Бердібек білімнің арқасында өмірін өзгертуге болатынын түсінеді. Ол қандай қиындық болса да, мойымай, алға ұмтылады.

Сөйтіп, кішкентай ғана ауыл баласы үлкен армандарға жетуге талпынып, өмірде өз орнын табуға бет алады.



Б.Соқпақбаев.  
«Балалық шаққа саяхат»